

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің төрағасы

Е. Мырзабосынов

2024 жылғы « \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_



«БЕКІТІЛДІ»

«Қазақстан Республикасы Ұлттық спорт қауымдастығы» ЗТБ вице-президенті

Т. Есентаев

2024 жылғы « \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_



«КЕЛІСІЛДІ»

«Жамбы ату» ұлттық спорт федерациясы республикалық қоғамдық бірлестігінің президенті

Е. Ильясов

2024 жылғы « \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_



## «ЖАМБЫ АТУ» СПОРТЫНЫҢ ҚАҒИДАЛАРЫ



## 1. Жалпы ережелер.

1.1. Осы «жамбы ату» (ат үстінде садақ ату) спортының қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Дене шынықтыру және спорт туралы» 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 37-бабына, Дүниежүзілік ат үстінде садақ ату федерациясының (World Horseback archery federation) (бұдан әрі – WNAF) және «Жамбы ату – ат үстінде садақ атудан Азия федерациясы» ҚН ЗТБ қағидаларына сәйкес әзірленді.

1.2. Қазақстан Республикасында өтетін барлық ресми жарыстар (чемпионат, турнир, кубок, кешенді жарыстар) осы Қағидаларға сәйкес өткізіледі.

1.3. «Жамбы ату» (ат үстінде садақ ату) спорты – ҚР чемпионаты, біріншілік, турнир, кубок және кешенді ойындар аясындағы жарыстарға бөлінеді. Сондай-ақ, жарыстар өткізілуіне қарай жекелей және командалық, іріктеу (лицензиялық) жарыстарына бөлінеді.

1.4. Республикалық «жамбы ату» жарыстары дене шынықтыру және спорт саласындағы уәкілетті орган бекіткен «жамбы ату» жарыстарын өткізу туралы ережелерге (регламенттерге) сәйкес өткізіледі.

1.5. Облыстық, қалалық және аудандық «жамбы ату» жарыстары тиісті жергілікті атқарушы орган бекіткен «жамбы ату» жарыстарын өткізу туралы ережелерге (регламенттерге) сәйкес өткізіледі.

1.6. Регламентті және қажетті құжаттарды даярлау жауапкершілігі жарысты өткізетін ұйымға жүктеледі.

1.7. «Жамбы ату» жарысының ережесі (регламенті) мынадай бөлімдерді қамтиды:

- 1) спорттық жарыстардың атауы;
- 2) мақсаттары мен міндеттері;
- 3) спорттық жарыстың өткізілу орны мен уақыты;
- 4) спорттық жарысты өткізу жүйесі;
- 5) қатысушы ұйымдар;
- 6) спортшылардың, жаттықтырушылардың, төрешілердің және басқа да қатысушылардың сандық құрамы;
- 7) спортшылардың жынысы мен туған жылы;
- 8) нәтижелерді бағалау жүйесі;
- 9) медициналық-санитарлық қамтамасыз ету;
- 10) допингке қарсы қамтамасыз ету;
- 11) төрешілер алқасының сандық құрамы;
- 12) спорттық жарысқа қатысу үшін өтінімдер берудің тәртібі мен мерзімі;
- 13) қатысушылар мен төрешілерді қабылдау шарттары;
- 14) спорттық жарыстың чемпиондары мен жүлдегерлерді марапаттау тәртібі;
- 15) наразылық көрсету тәртібі және оны қарау;
- 16) спорттық жарыстарға қатысушылар мен төрешілердің келу және қайту күндері.

мелу

Регламенттің талаптары осы Қағидаларға қайшы келмеуі тиіс.

1.8. Жарыс ережесі жарысқа қатысуға шақырылатын ұйымдарға жарыстың өткізілу күніне дейін жолдануға тиіс уақыт:

- дене шынықтыру және спорт ұжымдарының жарыстары кемінде 2 ай бұрын;
- аудандық және қалалық жарыстар кемінде 3 ай бұрын;
- облыстық жарыстар 6 ай бұрын;
- республикалық жарыстар 6 ай бұрын;
- халықаралық жарыстар кемінде 1 жыл бұрын.

## **2. Жарысқа қатысатын спортшылар;**

2.1. Жарысқа арнайы дайындықтан өткен, белгіленген жасқа толған (жасөспірімдер 15-17 жас, жастар 18-21 жас, ересектер 22 жастан бастап), атқа мінуге, атты басқаруға, ат үстінде садақ атуға дағдыланған, садақты қолданудың қауіпсіздік ережесімен толық танысқан және дәрігердің рұқсаты бар спортшылар қатыстырылады.

2.2. Спортшылар жарысқа қауіпсіздік қамтамасыз ететін ұлттық нақыштағы немесе арнайы спорттық киіммен және құрал-жабдықтарымен (садақ, жебе, қорамсақ) шығуға міндетті.

2.3. Жарысқа спортшы ағаштан жасалған немесе карбон оқ пен дәстүрлі садақты қолданады. Аттар жаттығуды жасауға арнайы үйретілген, ат үстінен садақ атуға даярланған болуы тиіс. Атты жалға алуға немесе келісім бойынша бір атты екі спортшыға дейін кезекпен пайдалануға рұқсат беріледі.

Спортшыларға жарыс кезінде:

- аңшылық жебені қолдануға;
- садаққа қосымша көздегішті (прицел) қолдануға;
- етік өкшесіне аттың бүйіріне бататын нәл (шпор) қағуға;
- аттарға қатысты қандай да болмасын дөрекілікке баруға (атты дөрекі түрде сабауға, атты басынан ұруға);
- аттың жамбасы мен омырауынан басқа жерінен қамшымен ұруға;
- төрешілердің жұмысына араласуға және дөрекі түрде наразылық білдіруге тыйым салынады.

Спортшылар:

- спорт қағидаларын, қауіпсіздік ережелері мен жарыс регламентін білуге және оны орындауға;
- жеке басын растайтын құжаттары, біліктілік кітапшасы, төлқұжаты, сондай-ақ, регламентте көрсетілген басқа да құжаттары болуға және оларды мандат комиссиясына тапсыруға;
- жарысқа белгіленген уақытта қажетті құрал-жабдықтарымен келуге;
- арнайы қорғаныш бас киімін киюге;
- төрешілердің нұсқауларын мүлтіксіз орындауға, белгіленген жарыс тәртібін сақтауға, спортшыларға белгіленген орында болуға міндетті;

*Мелу*

Егер спортшыны жарыс алаңына шақырған уақытында келмесе оған қосымша 3 минут уақыт беріледі. 3 минутта келіп үлгермесе, сол кезеңдегі мүмкіндікке жарысқа қатыстырылмайды.

Спортшылар:

- жаттығу орындауға қатысты шұғыл мәселелер туындағанда тікелей төрешілерге өтініш жасауға;

- жаттығуды жарыс өткізуге бөлінген орындарда төрешілер алқасы белгілеген уақытта жүргізуге құқылы.

2.4. Жаттықтырушы мен өкілі спортшының киім үлгісіне, жарыстың ережесі мен регламентке сай өткізілуіне жауап береді.

2.5. Спортшы өкілі:

- жарыс өткізілетін жерге келгеннен кейін спортшының құжаттарын және аттың фотосуретін мандат комиссиясына тапсыруға;

- спортшының жарыс өткізілетін жерге уақытылы келуін қаматамасыз етуге, осы Қағидалар мен жарыс регламентінің орындалуын қадағалауға;

- бас төреші алқасының отырысы мен жеребе тартуға, өз команда спортшыларына төрешілер алқасының талаптары мен шешімдерін, жарыс бағдарламасы мен регламентте болған өзгерістер туралы хабарлауға;

- спортшы көрсеткен нәтижелерімен таныстыруға, қорытындыларын уақытылы шығаруға;

- бас төреші алқасына сақтандыру полисі мен қауіпсіздік шаралары жөнінде нұсқаулық өткізілгені туралы баянат табыс етуге;

- аттарын орналастыруды, азықтандыруды ұйымдастыруға және жарыс барысында туындаған басқа да мәселелерді шешуге;

- спортшыны орналастыру мен тамақтандыруға қамқорлық жасауға;

- төрешілер алқасына олардың құзіретіне кіретін мәселелер бойынша өтініш жасауға, наразылықтар беруге құқылы.

Жарыстың бас төрешісі мен төрешілер алқасының рұқсатынсыз жарыс өтіп жатқан немесе спортшылар орналасқан жерден кетуге тыйым салынады.

### **3. Аттарға қойылатын талаптар;**

3.1 «Жамбы ату» спортына жылқының барлық тұқымы қатыстырылады.

3.1. Жарысқа қатысатын аттың ветеринариялық мекеме мен жіберуші ұйымның қолы қойылып, мөрі басылған анықтамасын төрешілер алқасына тапсыру қажет.

3.2. Ұйымдастырушы тарап спортшыға жарыс басталудан бір күн бұрын сынақ шабыстарын өткізуіне мүмкіндік жасайды.

3.3. Егер ат жарыс кезінде ауырып немесе жарақат алып жарысқа жарамай қалса, төрешілер спортшыға ат ауыстыруына рұқсат береді.

3.4. Төрешілер алқасына атқа қатігездік жасаған спортшыға ескерту жасау, шабысын есепке алмау немесе жарыстан шығарып тастауына мүмкіндік беріледі.

*Handwritten signature*

#### 4. Төрешілер алқасы;

4.1. Төрешілер алқасы Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес біліктілік санаты бар төрешілерден құрылады.

4.2 Төрешілер алқасының құрамына:

- бас төреші – 1;
  - хатшы – 1;
  - нысана төрешілері – 6;
- барлығы 8 төреші кіреді.

4.2. Бас төреші жарыс жетекшісі болады және жарыстың осы Қағидалар мен жарыс регламентіне сай өткізілуін қамтамасыз етеді.

Даулы мәселелер туындаған жағдайда бас төреші төрешілер алқасын шақырып, даулы мәселені дауысқа салу арқылы көпшілік дауыспен жедел шешеді.

4.5. Бас төреші:

- жарыс өтетін орынның дайындығын, жабдықтар мен құралдардың әзірлігін, олардың жарамдылығын және осы ережеге сәйкестігін алдын-ала тексеруге;

- төрешілерді іріктеуге, құрамын анықтауға және олардың нұсқаулығын өткізуге;

- төрешілер алқасының жұмысына жетекшілік етуге;

- хатшылықтың бүкіл жұмысын алдын-ала тексеруге, бекітуге (жеребе өткізу және т.б.);

- жарыс басталғанға дейін төрешілер алқасы мен команда жетекшілерінің ұйымдастыру кеңесін өткізуге, оларды Қағидаларымен таныстыруға және төрешілердің әрқайсысын жауап беретін орындарға орналастыруға;

- келіп түскен наразылықтарды төрешілер алқасының қарауына енгізуге және шешім қабылдауға;

- жарыс аяқталғаннан кейін жарыс қорытындылары бекітілген төрешілер алқасының қорытынды отырысын өткізуге;

- жарыстың салтанатты түрде ашылуы, жабылуы және жеңімпаздарды марапаттау тәртібін белгілеуге;

- жарыс аяқталғаннан кейін бір тәуліктен кешіктірмей жарыстың есебі мен хаттамаларын жарыс өткізуші ұйымға, жарысқа қатысқан команда өкілдеріне табыс етуге міндетті.

4.6. Бас төреші жарыс ережесін бұзған төрешілерді төрешіліктен шеттетуге немесе жарыстан алып тастауға құқылы.

4.7. Жарыс хатшысы:

- спортшылардың өтінімдерін және жеке басын растайтын құжаттарын қарап қабылдайды және жарыс хаттамаларын дайындауға;

- спортшылардың жарысқа шығу реттілігін анықтау жеребесін өткізуге;

- жарыс хаттамаларын бас төреші бекіткеннен кейін спортшылардың танысуына беруге;

ШШ

- жарыс хаттамаларын өңдеуге, ұпай есебін жүргізуге және қорытындыны дайындауға;
- жарыс нәтижелері бойынша жалпы техникалық есеп жасауға және жарыстың басқа материалдарымен бірге бас төрешіге табыс етуге;
- төрешілер жұмысының табелін жүргізуге;
- спортшылардың біліктілік кітапшаларына жеткен жетістіктері мен алған орындарын жазуға, қол жеткізген жеңістері туралы анықтамалар беруге міндетті.

4.8. Нысана төрешілері – бақылауындағы нысаналарға дәл тиген жебелердің санын анықтаумен айналысады және бас төреші мен бас хатшының бақылауында жұмыс жасайды. Нысана төрешілері сөре тұсында (старт) бастау сызығында, жамбы ілінген әр нысаналар тұсында және мәре (финиш) сызығында бақылаушы болып тұрады.

4.9. Жарыс дәрігері мен ветеринар жарыста жан-жақты медициналық, ветеринариялық қызмет көрсетуді қамтамасыз етеді.

Дәрігер мен ветеринар:

- жарыс өткізілетін жерде медициналық жәрдем жұмысын, санитарлық, ветеринариялық жұмысты ұйымдастыруға және жарыс бағдарламасында белгіленген орынға медициналық қызметкерлердің уақытылы келуін қамтамасыз етуге;

- жарыстың бас төрешісіне медициналық және ветеринариялық қызметтердің жұмысқа даярлығы туралы хабарлауға;

- мандат комиссиясының жұмысына қатысуға, спортшылардың өтініштерін қарауға, спортшыға аттардың жарысқа жіберілетіндігі туралы рұқсаттарының болуын қарауға;

- спортшы немесе жарыс аты ауру немесе жарақаттану себебінен жарысты жалғастыра алмайтын жағдайда, белгіленген үлгідегі анықтама беріп, бұл туралы жарыстың бас хатшысына хабарлауға;

- жарыс аяқталғаннан кейін бас төрешіге жарыста орын алған ауруларды, жарақаттанғандардың аты-жөні мен ауруының түрі, жарақаты туралы көрсете отырып, жарысқа медициналық, ветеринариялық қызмет көрсету нәтижелері туралы есепті табыс етуге міндетті.

## 5. Өткізу тәртібі мен орны;

5.1. Жарыс осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес арнайы жабдықталған алаңда өткізілетін болады.

«Жамбы ату» жарысы негізгі 4 стильде және қосымша стильдерде өткізіледі. Қазақстан Республикасының аумағында ұйымдастырылатын жарыстарда негізгі стильдердің барлығы қамтылуы тиіс. Қосымша стильдер ұйымдастырушылардың бастамасы бойынша жарыс регламентімен бекітіледі. Негізгі стильдер бойынша жарыстар Қазақстан Республикасының ұлттық құрама командасын жасақтау үшін ұйымдастырылады. Қосымша стильдер «жамбы ату» спортының кеңірек дамуы үшін ұйымдастырылады.

Мелу

Негізгі стиль:

«Азия стилі», «Түркі стилі», «Мажар стилі», «Жамбы стилі».

Әр стиль бойынша жеңімпаздар мен жүлдегерлер алған ұпайлары бойынша анықталады.

Қосымша стильдер:

«Тайтұяқ» стилі, «Аңшылық стилі»

Ұйымдастырушылардың бастамасымен алдын-ала жарияланып, регламентпен бекітілген басқа да стилдер.

### «Азия стилі»

Спортшыларға төрт мүмкіндік беріледі. Осы төрт мүмкіндікте алған жалпы ұпайы бірге саналады.

Бір нысанаға бір оқ ғана атуға рұқсат. Оқтарды тек қана қорамсақтан алып атуға рұқсат етіледі.

Атпен шауып өту уақыты 12 секунд. Осы уақыттан жылдам өтсе, әрбір секунды үшін 1 ұпай қосылады немесе берілген 12 секундтан кеш келсе, әрбір кеш келген секунды үшін 1 ұпай шегеріледі. Егер спортшының оғы нысанаға қадалмаса, шауып өткен уақыты үшін ұпай берілмейді. Атпен шауып өтетін жарыс жолының ұзындығы 99 метр, ені 3 метр.

Спортшы ұзындығы 100 см, ені 100 см шаршы пішінді, жерден 20 см биіктікте, бірінші нысана мен сөре, үшінші нысана мен мәре арақашықтығы 19,5 метр, нысаналар бір-бірінен 30 метр қашықтықта және жарыс жолынан 6 метр қашықтықта орналасқан 3 нысанаға оқ қадауға тиіс. Бірінші нысана сөреге қарай 45° бұрылып, екінші нысана жарыс жолына параллель, үшінші нысана мәреге қарай 45° бұрылып орнатылады.

Нысана бес түрлі жолақпен айшықталған. Нысанадағы орталық шаршының ұзындығы мен ені 4 см, өзге жолақтардың жуандығы 10 см. Оқ орталық шаршыға қадалса 5 ұпай беріледі, ортадан екінші жолаққа қадалса 4 ұпай, үшіншіге жолаққа 3 ұпай, төртінші жолаққа 2 ұпай, бесінші жолаққа 1 ұпай беріледі. Егер оқ екі жолақтың ортасына қадалса ұпайы көп жағы есепке алынады.

### «Түркі стилі»

Түркі стилінде спортшылар екі кезең бойынша жарысады, әр кезеңде екі мүмкіндік беріледі. Осы екі кезеңде алған жалпы ұпайы бірге саналады.

Атпен шауып өту уақыты 12 секунд. Атпен шауып өтетін жарыс жолының ұзындығы 99 метр, ені 3 метр.

**I кезең:**

Бір нысанаға бір оқ атуға рұқсат. Оқтарды қорамсақтан ғана алып атуға рұқсат етіледі.

*Mely*

Спортшы, пішіні дөңгелек, диаметрі 60 см болатын 3 нысанаға оқ тигізуі тиіс.

Оқ нысананың ортасындағы диаметрі 20 см шеңберге тисе спортшыға 6 ұпай, диаметрі 40 см екінші шеңберге тигізсе 4 ұпай, диаметрі 60 см үшінші шеңберге тигізсе 2 ұпай беріледі.

Бірінші нысана сөреден 30 метр қашықтықта, нысана беті сөреге қарай  $45^\circ$  бұрылып, жарыс жолынан 3 метр қашықтықта, 1,5 метр биіктікте орналастырылады.

Екінші нысана бірінші нысанадан 15 метр қашықтықта, 1,5 метр биіктікте, жарыс жолынан 3 метр қашықтықта орналастырылады нысана беті  $45^\circ$  мәреге қарай бұрылып орналастырылады.

Үшінші нысана екінші нысанадан 45 метр қашықтықта, нысана беті жарыс жолына параллель, жарыс жолынан 10 метр қашықтықта, 1,5 метр биіктікте орналасады. Үшінші нысана мен мәре арасы 9 метр.

Осы кезеңде берілген 10 секундтан жылдам өтсе, әрбір секунд үшін 1 ұпай қосылады немесе кеш келсе, әрбір кеш келген секунды үшін 1 ұпай шегеріледі. Егер спортшының оғы нысанаға қадалмаса, шауып өткен уақыты үшін ұпай берілмейді.

## **II кезең: Қабақ ату**

Спортшы жарыс жолына қойылған 2 нысанаға оқ тигізуі тиіс. Бірінші нысана сөреден 15 метр, жарыс жолынан 50 см қашықтықта жерден  $45^\circ$  мәреге қарай бұрылып орналастырылады. Спортшы диаметрі 30 см болатын бірінші нысанаға оқ тигізгенде 3 ұпай беріледі. Екінші нысана бірінші нысанадан 50 метр, жарыс жолынан 1 метр қашықтықта, биіктігі 8 метр қадаға диаметрі 60 см, қалбырдан жасалған нысана орналастырылады. Бұл нысанаға ұшы доғал жебені қолданылады, берілетін ұпай сандары.

Спортшы шауып келіп нысана астынан денесін тік ұстап атып тигізсе 3 ұпай беріледі, егерде спортшы  $45^\circ$  бұрылып атып тигізсе 5 ұпай беріледі, спортшы ат мойнына шынтағын тигізіп, жату арқылы атып тигізсе 8 ұпай беріледі. Спортшы осы «қабақ ату» стилін орындау үшін нысананың екі жағынан 3 метр аралықта орындау керек.

Кезеңді орындау уақыты 10 секунд. Осы берілген уақыттан жылдам шауып өтсе, әрбір секунд үшін 1 ұпай қосылады немесе белгеленген уақыттан кеш келсе, әрбір кеш келген секунды үшін 1 ұпай шегеріледі.

Спортшының оғы екінші нысанаға тигізе алған жағдайда ғана уақыты үшін ұпай беріледі.



### **«Жамбы стилі»**

Спортшыларға үш мүмкіндік беріледі. Осы үш мүмкіндікте алған жалпы ұпайы бірге саналады.

Атпен шауып өту уақыты 16 секунд. Осы берілген уақыттан жылдам өтсе, әрбір секунды үшін 1 ұпай қосылады немесе берілген 16 секундтан кеш келсе, әрбір кеш келген секунды үшін 1 ұпай шегеріледі. Егер спортшының оғы нысанаға қадалмаса, шауып өткен уақыты үшін ұпай берілмейді. Атпен шауып өтетін жарыс жолының ұзындығы 99 метр, ені 3 метр.

Нысанаға ататын оқ саны шектелмейді. Оқтарды тек қорамсақтан алып атуға рұқсат етіледі.

Спортшы атпен шауып өтіп, дөңгелек пішінді, диаметрі 25 см, қалыңдығы 15 см болатын, «жамбы» деп аталатын нысананы көздеуі тиіс.

Спортшы бірінші нысана «қола жамбыға» оқ қадаса 5 ұпай, екінші нысана «күміс жамбы» оқ қадаса 10 ұпай, үшінші нысана «алтын жамбыға» оқ қадаса 15 ұпай беріледі. Спортшы оқты нысанаға қадауға міндетті, егер жебе нысанаға тиіп, бірақ қадалып тұрмаса ұпай есептелмейді.

Бірінші нысана «қола жамбы» сөреден 20 метр қашықтықта, жарыс жолынан 6 метр қашықтықта, биіктігі 2,5 метр бағанада, желдің әсерінен қимылдамайтындай етіп ілініп тұрады; екінші нысана «күміс жамбы» бірінші нысанадан 30 метр қашықтықта, жарыс жолынан 8 метр қашықтықта, биіктігі 2,5 метр бағанада ілініп тұрады; үшінші нысана «алтын жамбы» екінші нысанадан 30 метр қашықтықта, жарыс жолынан 10 метр қашықтықта, биіктігі 2,5 метр бағанада ілініп тұрады.

5.2. Спортшы аттан жығылса немесе ат жарыс жолынан шығып кетсе, спортшыға қайтадан шауып өту мүмкіндігі беріледі.

5.3. Жарыс жолынан шауып өткен спортшы арнайы белгіленген орынға оралуға міндетті.

5.4. Спортшыларға төрешілермен дауласуға қатаң тыйым салынады. Дауласқан жағдайда спортшы ескерту алады, егер төрешіні балағаттаса, дерекілік танытса жарыстан шеттетіледі.

5.5. Жарыс кезінде бөгде адамдардың спортшылармен бірге жүруіне тыйым салынады.

### **«Мажар стилі»**

Спортшыларға төрт мүмкіндік беріледі. Осы төрт мүмкіндікте алған жалпы ұпайы бірге саналады.

Нысаналарға ататын оқ саны шектелмейді. Бірден бірнеше оқ атуға рұқсат етіледі. Оқтарды қолға ұстап немесе қорамсақтан алып атуға болады.

Атпен шауып өту уақыты 20 секунд. Осы уақыттан жылдам өтсе, әрбір секунд үшін 1 ұпай қосылады немесе берілген 20 секундтан кеш келсе, әрбір кеш келген секунды үшін 1 ұпай шегеріледі. Егер спортшының оғы нысанаға қадалмаса, шауып өткен уақыты үшін ұпай берілмейді. Атпен шауып өтетін

*Иль*

жарыс жолының ұзындығы 99 метр, ені 3 метр.

Спортшы диаметрі 90 см дөңгелек пішінді 3 нысанаға оқ қадауға тиіс. Нысаналар жерден 2 метр биіктікте, сөреден 49,5 метр қашықтықта, жарыс жолынан 9 метр қашықтықта орналасады. Үш нысана бірге, оның ішінде бірінші нысана сөреге қарай  $45^\circ$  бұрылып, екінші нысана жарыс жолына параллель, үшінші нысана мәреге қарай  $45^\circ$  бұрылып орнатылады.

Нысана үш түрлі шеңбербен айшықталған. Нысанадағы орталық шеңбердің диаметрі 30 см, екінші шеңбердің диаметрі 60 см, сыртқы шеңбердің диаметрі 90 см. Оқ орталық шеңберге қадалса 4 ұпай беріледі, екінші шеңберге қадалса 3 ұпай, сыртқы жолаққа қадалса 2 ұпай беріледі. Бір нысанаға бірнеше оқ қадалса, олардың ұпайы қоса есептеледі. Егер оқ екі шеңбердің ортасына қадалса ұпайы көп жағы есепке алынады.

### «Тайтұяқ стилі»

Жамбы ату жарысында негізгі стильдер бойынша 1, 2 және 3 орын алған қатысушылар «Тайтұяқ» жүлдесіне жарысқа қатысуға жіберіледі.

Жарыс жолының ұзындығы 99 метр, ені 3 метр.

Сөреден 49,5 метр қашықтықта «Тайтұяқ» орналастырылады. «Тайтұяқ» диаметрі 12 см болатын жылқының тұяғы тәрізді металдан жасалған бұйым. «Тайтұяқ» 4 метр биіктікте жылқы қылына ілінеді. Жолдан «Тайтұяққа» дейінгі қашықтық 7 метрді құрайды.

Қатысушылардың жарысқа қатысу тәртібін анықтау үшін жеребе тасталады. Қатысушылар жылқы қылын үзіп, «Тайтұяқты» жерге түсіргенше «Тайтұяқты» атады.

Садақ ату кезінде, егер оқ «Тайтұяққа» тиіп, бірақ оны үзіп түсірмесе, қатысушы жеңімпаз болып саналмайды және жарыс барлық қатысушылар үшін олардың біреуі жылқы құйрығын үзіп, «Тайтұяқты» жерге түсіргенге дейін жалғасады.

Барлық қатысушылар «Тайтұяққа» атуға бір мүмкіндік беріледі. Егерде олардың бірнешеуі «Тайтұяқты» атып түсірсе, ең аз уақыт ішінде шауып өткен қатысушы жеңімпаз болып саналады, жарыстың жеңімпазы «Сұрмерген» атағын алады және «Тайтұяқ» беріледі.

Егер қатысушылардың ешқайсысы жылқы қылып үзіп, «Тайтұяқты» жерге түсіре алмаса, жарыс жеңімпаз анықталғанға дейін қайталанады.

Ұйымдастырушылар қажет болған жағдайда қатысушыларға алдын-ала хабарлау арқылы жарыс ережелеріне кішігірім өзгерістер енгізе алады.

*Handwritten signature*

### «Аңшылық стилі»

Аңшылық стилінің маршруты ұзындығы бірнеше жүр метрден ойлы-қырлы немесе тегіс жерлерде орнаасқан бұралаң жолдан тұрады. Маршруттың егжей-тегжейі жарыс өткізілетін жердің рельефіне байланысты орналастырылады.

Жолдан шауып өту санын ұйымдастырушылар белгілейді.

Жарыс бір ұзын жолда өтетін болса жолдың ұзындығы 1500 метрден аспауы керек. Жарыс кезінде бірнеше рет шауып өту керек болса, жолдың ұзындығы 1500 метрден аспауы тиіс, яғни 2 рет шауып өтетін болса жолдың ұзындығы 750 метр, 3 рет шауып өту керек болса 500 метрден болуы тиіс.

Жолдың ені 3-5 метр болуы тиіс. Жолдың ені жердің ерекшеліктеріне баланысты өзгеруі мүмкін.

Жолдың түгел қоршалуы міндетті емес, алайда спортшыға адаспай шауып өтетіндей жағдай жасалуы керек. Жол бойында табиғи және/немесе жасанды кедергілер орнатуға болады.

Жол қатысушылар мен аттар үшін қауіпсіз болуы керек. Жол бір ғана шеңберден немесе ұзын бір ғана жолақтан тұрмауы тиіс. Жолда бірнеше бағыт өзгертетін бұрылыстар болуы керек. Жолда қанша бұрылыс болатынын және қиылыстардың қаншалықты тік болатынын жоспарлаушы анықтайды.

Қатысушылар көрсетілген маршрутты толық шауып өтуі тиіс. Ешқантай төте жолды шауып өтуге болмайды. Егер қатысушының аты жолдан шығып кетсе, сол жерден бастап жалғастыру керек. Бұл ретте жолдан шығып кеткен кезде таймер тоқтатылмайды.

Жол бойында кедергі болған жағдайда балама жолды таңдау мүмкіндігі қарастырылуы керек. Бұл ретте, балама жолды таңдаған қатысушы кедергіні бағындырғаны үшін берілетін ұпайды алмайды.

Кедергілердің биіктігі қалыпты жағдайда 50 см аспауы тиіс. Жылқылар мен спортшылардың дайындық деңгейін ескере отырып кедергілерді 70 см дейін ұлғайтуға болады.

Жол оңқай және солақай спортшылар үшін бірдей жағдайда жасалуы керек. Яғни нысаналар саны жолдың оң немесе сол жағында бірдей болуы керек, сондай-ақ рельеф мен кедергілердің ерекшелігі ескерілуі керек. Солақай спортшылар жолды кері бағытта шауып өтеді.

Нысаналардың саны 6-дан кем, 30-дан көп болмауы тиіс. Нысаналардың мөлшері мен формасы, жерден орналасу биіктігі мен жолдан қашықтығы әртүрлі болуы мүмкін. Нысаналар осы Қағидаларда көрсетілген мысалдарға және басқа стил түрлерінің талаптарына сәйкес болуы тиіс.

Бір немесе екі нысана (одан көп емес) төмен қарай ату үшін жерде орналастырылады.

Алыс қашықтықта, яғни кемінде 5 метр қашықтықта орналасқан кемінде бір нысана болуы керек.

Бірінші нысана сөреден кемінде 15 метр қашықтықта орналасуы керек. Соңғы нысанадан кейін мәреге дейінгі қашықтық кемінде 15 метр болуы тиіс.

*Handwritten signature*

Нысаналардың бір-бірінен арақашықтығы кемінде 30 метр болуы тиіс.

Аңшылық стилі бойынша жарысты ұйымдастырушы жарыс басталғанға дейін қатысушыларға жолда қанша нысана болатынын, шауып өту санын алдын-ала хабарлауы керек.

Ұйымдастырушы барлық қатысушыларға аңшылық стил жолын көру/жаяу серуендеу үшін рұқсат етілген уақытты және жылқылар алып жүруге немесе атпен айналып өтуге болатынын білуі керек. Мүмкіндіктер барлық қатысушылар үшін бірдей болуы керек

Егер жолда кедергі болса, ұйымдастырушы жаттығу аймағында атпен секіріп өту жаттығуымен айналысуға жағдай жасауы керек.

Жарыс алдында қатысушыларға оқ атуға тыйым салыныады, алайда жолда кем дегенде бір рет шауып өтуге мүмкіндік беріледі.

## **6. Наразылықтар.**

6.1. Наразылықтарды төрешілер алқасына спортшының жетекшісі тек жазбаша түрде және жарыс аяқталғаннан кейін 20 минуттан кешіктірмей табыс етуі тиіс.

Наразылықта спортшылар немесе төрешілер бұзылған ереже мен жарыс регламентінің тараулары мен тармақтарын көрсетуі тиіс. Бас төреші наразылықты қабылдап алуға, оны талқыға салуға, сол бойынша шешім қабылдауға және оны өтініш берушіге барынша аз мерзімде, жарыс қорытындылары бекітілгенге дейін міндетті түрде жеткізуге міндетті.

6.2. Бас төрешінің наразылық бойынша шешімі кесімді және қайта қарауға жатпайды.

*Handwritten signature*

*«Жамбы ату» спортының  
қағидаларына қосымша*

**Жарыс өтетін алаңға қойылатын талаптар;**

«Жамбы ату» (ат үстінде садақ ату) спортының жарысы осы талаптарға сай келетін арнайы алаңда өткізіледі.

1) Алаңның ұзындығы 200 метрден, ені 150 метрден кем болмауы тиіс.  
2) Жарыс жолының (ат шабатын дәліздің) ұзындығы 99 метр, ені 3 метр, жарыс жолы қоршауының биіктігі 80-100 см болуы тиіс. Аттың екпін алуы үшін сөре сызығына дейін 50 метр, мәреден кейін аттың екпінін басып, тоқтауы үшін 50 метр арнайы бос орын белгіленеді. Сондай-ақ, алаңда спортшылардың жарыс кезегін күтіп тұруы және сөреге шабуға даяр тұруы үшін арнайы орын болуы міндетті.

3) Жарыс жолы топырағының үстіңгі қабаты алдын ала жұмсартылған, арнайы тырмамен тырмаланған болуы тиіс. Топырақтың үстіңгі қабатын өңдеу жұмысы жарыс басталардан бір күн бұрын жасалады.

4) Жарыс жолы көрермендер трибунасынан кемінде 10 метр алыс болуы қажет. Көрермендер мен спортшылар жарақат алмауы және оқыс оқиғалар орын алмауы үшін жарысты ұйымдастырушылар мен қауіпсіздің қызметкерлері жарыс жолына бөгде адамдардың (фото-видео операторлардан басқа) кірмеуін қамтамасыз етуі тиіс.




5) Нысаналар жасалатын заттар қатты тығыздалған пенополиэтиленнен, изолоннан материалдардан жасалуы тиіс. Нысаналардың артқы жағында қиыс кеткен оқтарға кедергі болу үшін ағаш немесе басқа материалдардан жасалған қалқан конструкция орнатылуы тиіс.

6) Жаттығу күндерімен бірге барлық жарыс күндері ұйымдастырушылар медицина және ветеринариялық қызметтің арнайы техникаларымен алаңда болуын қамтамасыз етеді.

7) Жарыс төрешілері камера, рация, лазерлік таймер, компьютер, принтер сияқты т.б. қажетті құрал-жабдықтармен, техникалармен қамтамасыз етілуі тиіс.




*МММ*

# АЗЫЯ СТИЛИ





uly

# ТҮРКІ СТИЛІ





ШАУЫП ӨТУ УАҚЫТЫ 12 СЕКУНД




*Handwritten signature*

# МАЖЖАР СТИЛІ




ШАУЫП ӨТУ УАҚЫТЫ 20 СЕКУНД




*Handwritten signature*




# ЖАМБЫ СТИЛІ




Алтын жамбы  
15 ұпай



Күміс жамбы  
10 ұпай




Қола жамбы  
5 ұпай



Төрешілер  
орны



ШАУЫП ӨТУ УАҚЫТЫ 14 СЕКУНД



*Handwritten signature*